

Павлодар облысы қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2012 жылғы 06 желтоқсандағы N 120/11 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 09 қаңтарда N 3318 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 қазандағы N 190/22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 11.10.2013 N 190/22 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылар туралы" Кодексі 3-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Павлодар облысы қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидалары бекітілсін.

2. Облыстық мәслихаттың (I сайланған XXVII (кезектен тыс) сессиясы) 1999 жылғы 17 қыркүйектегі "Облыс қалалары мен елді мекендерін көріктен-дірудің ережелері туралы" шешімінің күші жойылған деп саналсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Терентьев

Облыстық мәслихаттың хатшысы

М. Көбенов

Павлодар облыстық мәслихатының
2012 жылғы 6 желтоқсандағы
N 120/11 шешімімен
бекітілді

Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандырудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының Су Кодексіне, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы", "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы", "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы", "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Қағидалар Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыруды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды және тиісті аумақта орындалуға міндетті болып табылады.

2. Негізгі түсініктер

3. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) уәкілетті орган – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – ТҮКШ);

2) көгалдандыру екпелері – елді мекендердің шекараларында ортақ пайдаланатын жерлерде орналасқан орманды саябақтар, саябақтар, скверлер, бульварлар, желілік екпелер, үй жанындағы екпелер, көгалдар, гүлзарлар;

3) газон (гүлзар) – қалалық жер тізілімінде "газон" (гүлзар") ретінде айқындалған, айқын белгіленген шекаралары бар жер учаскесі;

4) тұрмыстық қатты қалдықтар (әрі қарай - ҚТҚ) – қатты нысандағы к о м м у н а л д ы қ қ а л д ы қ т а р ;

5) қалдықтарды кәдеге жарату – қалдықтарды қайталама материалдық немесе энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану;

6) тротуар – жолдың жүргін бөлігімен қатарлас немесе одан газонмен бөлінген жаяу жүргіншінің қозғалуына арналған элементі;

7) шағын сәулеттік нысандар – декоративті-материалды-көріктендіру қызметі бар кеңістікті ашуды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын кішкене құрылғылар (су бұрқақтар, басқыштар, қоршаулар, құлыптас, стеллаж, шамдарар, киоскалар, ж а р н а м а л а р ж әне б а с қ а л а р);

8) рекреациялық аймақтар – халықтың демалыс орындарын ұйымдастыру мен жайғастыруға арналған және бақтарды, орманды, парктерді, парктер мен саябақтарды, хайуанаттар парктерін, су тоғандарын, жағажайларды, аквапарктерді, ландшафттық сәулет объектілерін, өзге де демалыс және туризм орындарын, сондай-ақ бос уақытты өткізу және (немесе) сауықтыру мақсатындағы үйлер мен ғимараттарды қамтиды;

9) инсоляция – алаңды, үй-жайды, ғимаратты гигиеналық бағалауға арналған күн радиациясының нормаланатын көрсеткіші;

10) кондоминиум – жылжымайтын мүлікке меншік нысаны, үй-жай арқылы азаматтың, заңды тұлғаның, мемлекеттің жекелеген (жеке-жеке) меншігіне, ал жалпы мүлік олардың жалпы үлестік меншік құқығына жатады;

11) қоныстану аумағы – тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға арналған, орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитарлық-қорғаныш аймақтарын талап ететіндей әсер етпейтін елді мекен аумағының бір бөлігі.

3. Жалпы талаптар

4. Елді мекендер қызмет көрсету объектілерімен жайластырылады және қолданыстағы стандарттардың талаптарына, нормаларға, сондай-ақ осы Қағиданың ережелеріне сәйкес адамның қауіпсіз тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған техникалық құралдармен жабдықталады.

5. Ғимарат, имарат, жеке тұрғын құрылыстарының аумақтарынан тұрмыстық қалдықтардың уақтылы шығарылуы жүзеге асырылады.

6. Жер учаскелерін пайдаланушылар арасындағы іргелес аумақтарды жинастыру осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

7. Ғимараттарға іргелес жатқан аумақтар абаттандырылады, көгалдандырылады, жарықтандырылады, қоршалады, ал өтпе жолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарында қатты жабынды болуы керек.

8. Инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерінің аумақтары техникалық және эксплуатациялық сипаттамаларға сәйкес абаттандырылады.

9. Павлодар облысының елді мекендерінің аумақтарында:

1) су аққы желілерінің ластануын болдырмау мақсатында су аққы коллекторларына сыпырынды және тұрмыстық қоқыстарды тастауға;

2) белгіленбеген жерлерге, соның ішінде магистральдардың, көшелердің, жүру жолдары мен тротуарлардың өтпе жолдарына қоқыстар мен қарды
ш ы ғ а р у ғ а , т а с т а у ғ а ;

3) хабарландыруларды, плакаттарды, үндеулерді, түрлі ақпараттық материалдарды осы мақсаттарға бөлінбеген жерлерге орналастыруға;

4) қалалар мен елді мекендердің аумақтарында қоқыстарды, жапырақтарды, ыдыстарды, өндірістік және басқа қалдықтарды өртеуге;

5) белгіленбеген орындарда көлік құралдарын жууға рұқсат етілмейді.

10. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын (парктер, саябақтар, саяжолдар, жасыл аймақтар, жағажайлар, зираттар) ағымдағы санитарлық жағынан ұстау жүзеге асырылады.

11. Рекреациялық аймақтың аумағында тікелей рекреациялық аймақтың қызмет етуімен байланысты емес әрекеттегі өнеркәсіптік, коммуналдық және қоймалық объектілерді және тұрғын үй-азаматтық тағайындауындағы құрылыстарды орналастыруға (салуға) және кеңейтуге рұқсат етілмейді.

12. Рекреациялық аймақта шаруашылық жүргізуші субъектілер өз объектілерін абаттандырады, сондай-ақ осы Қағидаларға, басқа да қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес санитарлық ұстауды жүзеге асырады.

4. Жер жұмыстарын жүргізу тәртібі

13. Жол жабындыларын, тротуарларды, газондарды және басқа да объектілерді, абаттандыру элементтері мен инженерлік имараттарды бұзуға байланысты жұмыстар жазбаша рұқсат қағазы (ордері) бар болған жағдайда жүзеге асырылады.

Құжаттар, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат қағазын алу (ордерін) үшін берілген өтінім уәкілетті органмен өтінім берілген сәтінен бастап 7 жұмыс күні ішінде қарастырылады.

14. Жұмыс жүргізу кезінде зақым келтірілген объектілер рұқсат қағазында (ордерде) көрсетілген жөндеу мерзімінің аяғына дейін қайтадан қалпына келтірілуі қажет. Уәкілетті орган мерзімі өткен рұқсат қағаздары (ордері) бойынша жұмыстарды жүргізуге олардың мерзімін ұзартпай рұқсат етуге жол бермейді;

жұмыс басталғанға дейін:

- қауіпті аймақтың айналасы қажетті қоршаулармен қоршалып, ескерту белгілері қойылуы;

- жаяу жүргіншілер жүретін жерлерде қажетті құралдарды орнату және қазылған учаскелер түнгі уақытта жарықпен қамтамасыз етілуі;

- нөсерлік кәріздердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданылуы;

- механизмдердің жұмыс істеу аймағында көгалдандыру екпелері болса, олардың сақталуына кепілдік беретін жабық қорғандармен қоршау орнатылуы;

- жолдар мен жаяу жүргіншілер жүретін жерлерді жабу қажеттілігі болған кезде, айналып өтетін жолдарға тиісті белгілер қойылуы қажет.

15. Жөндеу жұмысына қажетті материалдарды, ауыр салмақты бөліктер мен өзге де механизмдерді жеткізу жұмыс басталғанға дейін бір сәтке бұрын әкелінуі тиіс. Оларды орналастыру орны көлік пен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді есепке ала отыра анықталады.

16. Жөндеу жұмыстары қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес, сондай-ақ рұқсат қағазында (ордерде) көрсетілген нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

17. Құрылыс материалдары олардың желмен ұшырылып, шашырамауын болдырмайтын шараларды қолдану арқылы сақталады. Көгалдандыру екпелерін, жер асты құдықтарының қақпақтарын, суаққы торларын, лотоктарды және тағы басқалар құрылыс материалдарымен, топырақпен жауып, бастырып тастауға жол берілмейді. Кейіннен ашуға мүмкіндік болатындай жағдай жасай отыра, оларды қорғау үшін тиісті ағаштан жасалған қалқандар және қорапшалар қолданылады.

18. Қайта қалпына келтірілген жұмыстардың орындалуын акті бойынша уәкілетті органның өкілі қабылдап алады.

19. Жұмыс шартының бұзылуы, қайта жөндеу жұмыстарының сапасыз орындалуы немесе қайта жөндеу жұмыстарының мерзімдері бұзылған жағдайда уәкілетті орган мүдделі коммуналдық қызметтермен және басқа да субъектілермен бірлесіп басталған жұмыстарды тоқтатады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қолданады.

20. Жұмысты жүргізу, соның ішінде қайта қалпына келтіру жұмыстарының мерзімі уәкілетті органның келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

5. Елді мекендердің ішкі көлік жүйесі

21. Қозғалыс қауіпсіздігімен қамтамасыз ету және оны ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі негізгі іс-шараларға мыналар жатады:

- жол тегістігін сақтау, ойықтар, шұңқырлар, жарықтар пайда болған жерлердегі ақауларды, басқа да деформацияларды жою;

- автомобиль дөңгелегі ілінісінің қажетті коэффициентін қамтамасыз ететін жол жабындысының кедір-бұдырлығынан сақтау;

- жол жиегін бекіту, жолжабындысы жиегінің ашылып қалмауын қадағалау, суды жол жиегінен бұруды қамтамасыз ету, жол жиегінде су, шұңқыр, із тағы басқа ойлы-қырлы жерлерді болдырмау;

- жол бойы ұзындығының дұрыс көрінуін қамтамасыз ету, оның ішінде жолдың ойма жермен өтетін бөлігінде, жол түйісінде, теміржол және трамвай өткелдерінде;

- қозғалыстың ұйымдастырылуын жақсарту және оның қауіпсіздігін арттыру.

22. Елді мекендердің көшелері және жолдарына көлік құралдарының шығуы тиісті санитарлық жағдайда жүзеге асырылады.

23. Көшелердің ластануын алдын алу үшін көлікпен тасымалданатын сусымалы және басқа жүктер мұқият жабылуы тиіс.

24. Көшелерде көлік қозғалысын шектеуге немесе жабуға, қозғалыс маршрутының өзгеру қажеттілігіне байланысты атқарылатын жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қала тұрғындарына хабарландырыла отыра, уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі.

25. Жақсартылған жабындылары бар көшелер мен алаңдарда жерасты құрылысын салу немесе қайта жүргізу мүмкіндігіне қарай жабық әдіспен, жолдың бетіне зақым келтірілмей жүргізілуі тиіс.

26. Орамдардың ішінде, абаттандырылмаған көшелер мен алаңдарда, сондай-ақ жерасты құрылыстарын салу және қайта жайластыру кезінде ашық әдіспен жол салуға рұқсат беріледі.

27. Жерді қазу кезінде жобада көрсетілмеген жерасты коммуникациясы анықталған болса, онда жұмысты орындаушы бұл туралы уәкілетті органды және мүдделі субъектілерді хабардар етеді, осы жер асты коммуникацияларының кәсіпорындары – баланс ұстаушылармен келісім алғанға дейін жұмысты т о қ т а т а д ы .

28. Жер жұмыстары жүргізілгеннен кейін қазылған орындар уәкілетті органның келісімі бойынша жұмыс аяқталған соң ұсатылмайтын материалдармен (қазылған жер құм, қиыршық тас) қайта жабылады.

29. Көшенің жүру бөлігіндегі қазылған жерді жабуды қалпына келтіру жүретін жолдың барлық еніне және құрылыс механизмдері жүргізілген жұмыс аймағында орындалады. Абаттандыру элементтері мен бүлінген жер бетін қайта қалпына келтіру топырақ себу бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін жүргізілуі т и і с .

30. Жұмыстар жүргізілетін жерлерге ақпараттық хабарламалар жазылған тақтайлар орнатылуы қажет.

6. Елді мекендердің ішіндегі жерасты және жер бетіндегі инженерлік коммуникациялар жүйесі

31. Елді мекендердің абаттандырылуын қорғау үшін инженерлік коммуникациялар объектілері, инженерлік желілердің және имараттардың техникалық жағдайы төменде көрсетілгендерді қамтамасыз ететін қызмет көрсетуші кәсіпорындардың тұрақты бақылауында болады:

- аумақта су тасқынына жол бермеу;
- күзететін және бөлініп берілген аймақтардың санитарлық жағдайын

б а қ ы л а у ;

- люктардың қақпақтарының жөнделу жағдайы және орналасуы, құдықтар мен камералардың, жол жабындысының деңгейінде жауын суының кәріздері т о р л а р ы н ы ң ж а б ы л у ы н ;

- қыс мезгілінде олардың орналасқан жерін жедел анықтау үшін құдықтарға б е л г і л е р с а л у ;

- пайдалану, қайта жабу және монтаждау ережелерін орындамау салдарынан істен шығуы мүмкін жерасты жолдарының қатты немесе құмды жабындысының ж а й - к ү й і н е м о н и т о р и н г жү р г і з у .

32. Үстіңгі және жерасты суларын бұруға арналған құбырлар, құдықтар мен каналдарды жинау және тазарту, жауын суларының коллекторларын, жауын суларынан қабылдағыштарды тазалау қажетіне қарай, жазғы кезеңде төрт рет, қысқы кезеңде бір рет тазалануы тиіс.

33. Жауын кәріздерінен, жауын суларының қабылдағыштарынан қатты қалдықтар қажетіне қарай тазаланып, сол мезгілде ұйымдастырылған қоқыс т а с т а й т ы н ж е р г е ш ы ғ а р ы л у ы қ а ж е т .

34. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың алаңдарына жиналған атмосфера суы кәріздерге жіберілуі тиіс. Бұл суларды нөсерлік желіге ағызуға тыйым салынады. Су құбырлары, жылу торабында болатын апатты жою арқылы нөсерлік кәріздерде қысқы кезеңде жиналған суды кәріздерге жіберуге тыйым салынады.

35. Күзгі кезеңде суық түсер алдында суағар желісінің торларын жауып, б е к і т у к е р е к .

36. Қолданыстағы жерасты коммуникацияларын қайта жөндеу кезінде оларды жолдың жүру бөлігінің астынан шығаруды ескерген жөн.

7. Елді мекендердің аумақтарын жарықтандыру

37. Елді мекендердің аумақтарына жарық сыртқы жарық қондырғыларын орнату арқылы беріледі. Сыртқы жарық қондырғыларына:

- электр жабдықтау құрылғысы, қоректендіретін желі, қоректендіру пункттері , т а р а т у ш ы ж е л і л е р ;

- қорғау құрылғысы және жерге қосылған электр желісі;

- б а с қ а р у қ о н д ы р ғ ы с ы ;

- тіреуіштер, арқанды салпыншақтардың тіректері жатады.

38. Тіректер техникалық құжаттар анықталған жерде орналасады.

39. Ғимараттардың жанында орналасқан ені тар жүретін орындар, тротуарлар мен алаңдар ыңғайлы түрде қол жеткізілетін болса, оларды ғимарат қабырғасына орналасқан шамшырақтар арқылы жарықтандыруға болады.

40. Сыртқы жарықтандыру құрылғыларын қалпында сақтауға және қызмет

көрсетуге мынадай іс-шаралар жатады:

- шамдарды және қатардан шыққан шамдардағы шашыратқыштарды ауыстыруды, шамдарды тазалауды, жарықтандырғыш деңгейлерін өлшеуді қоса алғанда, сыртқы жарықтандыру құрылғыларының техникалық жарамды жағдайын ұстау, мұнда сандық және сапалық көрсеткіштер орнатылған параметрлерге сәйкес келеді;

- сыртқы жарықтандыру құрылғылары жұмысының реттелетін тәртібін, уақтылы қосуды бақылау, ішінара немесе жартылай сөндіруді бақылауды, жанбайтын шамдарды анықтауды және уәкілетті органның келісімі бойынша оларды жедел жоюды қамтамасыз ету.

41. Шамшырақтардың жану пайызын және сыртқы жарықтандыру құрылғысының жай-күйін анықтау үшін уәкілетті органмен бақылау тексерістерін жүргізеді.

42. Сыртқы жарықтандыру құрылғысының жай-күйіне байланысты металл тіректер, тіреуіштер мен басқа да элементтер үш жылда бір рет сырланып тұрады.

43. Жарнамаларды, стенділерді, витриналарды жарықтандыру кезінде жарық беру құралдары жарықтандырылған сәуле бейнесінің қарап тұрған адамның көзіне түспейтіндей жағдайда орналастыру қажет.

44. Жаяу жүргіншілердің, жүргізушінің көзіне сәуле тура түспеуі үшін жарықтандырғыш құралдарына қорғау бұрышын немесе арнайы экрандау торларын орнатуды ескеру қажет.

8. Табиғи су айдындары

45. Табиғи су айдындарының жанында елді мекендер орналасса, олардың жағаларында жағажайлар мен жағалаулар жасалады.

46. Серуендейтін аллеяларда көгалдандыру екпелері аллеяның ішкі жағына орналасады.

47. Оңтүстікке қараған жағалауларда көлеңкелі учаскелер жасалады. Газондар мен гүл өсіретін жерлерге бөлінеді.

48. Баспалдақтың шығар жері өте биік болған жағдайда, ол жерге алаң жасалуы қажет.

49. Жағажай аумағы сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймағынан тыс және су ағынының ең төмен жерін ластау мүмкіндігінен қашық жерде болу керек.

50. Жағажайларда құтқару станциялары, тамақтандырудың сауда пунктері, киім ауыстыру кабиналары, дәретханалар, қоқыс жинайтын жәшіктер орналасады. Су ішуге арналған фонтандар болса, "Қалалық және ауылдық елді

мекендердегі атмосфералық ауаға, топыраққа және олардың қауіпсіздігіне, қалалық және ауылдық елді мекендердің аумақтарын күтіп-ұстауға, адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың" санитарлық қағидаларына сәйкес болуы қажет.

51. Барынша қолайлы инсоляция бар жағажайлар неғұрлым күн көп түсетін оңтүстік, оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс баурайларына орналастырылады.

52. Су айдындарының, өзендердің, ағыстардың жағаларында:
- материалдарды, жабдықтарды арнайы бөлінген шомылу құралдарын тиеуге арналған жерлерден басқа жерлерде сақтауға;
- қоқысты, балшықты, ластанған қарды, тазаланбаған өнеркәсіп және шаруашылық-тұрмыстық қалдықтарды тастауға тыйым салынады;
- қыс мерзімі аяқталған соң жағалау аймағы көң - қоқыстан тазаланып, су бассейнінің санитарлық жағдайын қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізіледі.

9. Елді мекендерді сәулетті - көркем безендіру

53. Елді мекендерді сырттай көркейту белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарлар (бас жоспарлар сұлбалары), жоспарлаудың детальды жобасы мен аумақты салу жобасы бойынша іске асырылады.

54. Сырттай көркейту элементтерін орналастыру кезінде олардың аумақтың бағытына сәйкес келуі, сондай-ақ архитектурамен және табиғи ортамен органикалық бірлігі қамтамасыз етіледі.

55. Аумақтың тұрғын жай бөлігін көркейтудің жоспарлы элементтері ересек адамдардың демалатын жерінен, спорт және шаруашылық алаңдарынан, сондай-ақ көлік жолынан алыстау орналасқан балаларға арналған ойын алаңынан тұруы.

56. Балалар алаңының жабындысы сол жерге қойылған жабдықтарға байланысты болуы керек.

57. Базар аумақтарында, оның ішінде шаруашылық, базар алаңдарында жауын суы мен еріген су ағатын еңістігі бар қатты жабынды (асфальт, кесектас, тас төсеуіш), кәріздер, су құбырлары немесе жабық суағар жүйесі болуы керек.

58. Зираттың аумақтары қоршалуы тиіс және жүретін орындарда қатты жабындысы болуы керек.

59. Ғимарат қасбеттерін безендіру және оған іргелес аумақтарды абаттандыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

60. Қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жеке бөліктерін) қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жөніндегі құрылыс-монтаждау

жұмыстарын жүргізуге рұқсат қағаздарын беру жүзеге асырылады.

61. Көлік тұрақтары жеке жабдықталған автомобиль тұратын қалтасы ескерілген, жол жабындысы бар, жол таңбаларымен белгіленген алаңдарда орналасады. Тұрақтардың кіреберісінде тұрақтың атауы жазылған және жұмыс тәртібі бар маңдайша орналастырылуы қажет.

62. Киоск, ларек, павильон және басқа да уақытша ғимараттарды орналастыруға сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша ғана жол беріледі, ал пайдаланатын объектілер, соның ішінде азаматтардың қауіпсіздігін, эстетикалық жағын қоса алғанда, нормативтік және басқа да міндетті талаптарға сәйкес тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ететін тұрғын ғимараттар тиісті жағдайда ұсталынады.

63. Елді мекендер үшін қолданыстағы құрылыстың сәулетін бұзбайтын, сыртқы эстетикалық келбетті құруға арналған заманауи дизайнерлік шешімдерді қолдану арқылы декоративтік көгалдандыру екепелерін қолдану ұсынылады.

10. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын жинау

64. Тұрғындарға қызмет көрсететін сауда объектілері және басқа да пунктер, сондай-ақ оған іргелес жатқан аумақтар санитарлық жағдайда ұсталынады.

Контейнерлік алаңдарды қоспағанда, жалпы пайдаланымдағы жерлерде орналасқан ішкі үйлердің аумақтарында санитарлық тазалау жүргізуді облыстың ТҮКШ-да уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

65. Аула аумағының тазалығы күнделікті жинастыру арқылы сақталады. Ауа райының жағдайына байланысты тротуарға су немесе құм шашылады, қардан тазартылып, үй жанындағы көшеттер, балалар алаңы, суағарлар мен кәріздер т а з а р т ы л а д ы .

66. Тұрғын жай аумақтарын және қоғамдық орындарды жинау күн сайын қажеттілігіне қарай күні бойы жүргізіледі. Аумақтарды жинау жазғы және қысқы к е з е ң г е б ө л і н е д і .

67. Елді мекендердің аумақтарын жазғы кезеңде жинау жұмыстарына күнделікті сыпыру, суару, су аққы құдықтарын тазалау, сондай-ақ түнгі уақытта көшелердің өтпе жолдарының бөлігін, алаңдар мен тротуарларды жуу жатады.

68. Қысқы жинау жұмыстары тұрақты (қар түскен кезде) және мерзімді (қар жауған уақытында және қарды толық жинағаннан кейін) болып бөлінеді. Қар көп жауған кезде күрделі жинау өткізіледі.

69. Қысқы жинау екі кезектен тұрады. Бірінші кезекте орындалатын жұмыс жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысының, әсіресе, жол өткелдерінің, магистральді көшелердің, автобус жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Екінші кезектегі жұмысқа қар дуалдарын жасау, жолдан қарды тазалау,

мұз жару, қарлы мұзды сырғанақтарды жою, қар жаумаған кезде көлік жолын
с ы п ы р у ж ұ м ы с т а р ы ж а т а д ы .

70. Жолдар мен тротуарлардағы қарлы-мұзды құралдармен күресу үшін
құм-тұзды қосынды сепкіші пайдаланылады.

71. Жаяу жүргіншілердің қайғылы оқиғаларға тап болуын, әуе желілерінің,
шамшырақтар мен көгалдандыру екпелерінің зақымдануын алдын алу
мақсатында шатырлардағы, карниздердегі, суағар құбырларындағы қарлар
сақтану шараларын міндетті сақтау арқылы имараттар мен ғимараттар иелерінің,
жалға алушылардың күшімен және құралдарымен жүйелі тазаланады.

72. Елді мекендердің аумақтарын қардан тазалау оны арнайы бөлінген қар
жинайтын орындарға (бос жерлерге, сайға) шығару, көлік жүретін жолдан
көгалдандыру екпелерінің түбіне, өзен арнасына лақтыру арқылы жүзеге
асырылады. Соңғысы қарға құмды тұзды немесе басқа химиялық қоспалар
шашылмаған кезде жасалады. Өзен жағаларында қар жинайтын орындар
жасалады. Қыс аяқталғаннан кейін қар жиналған жерлерде қар тазалау жұмысы,
сондай-ақ су бассейндерінің санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету жөніндегі
і с - ш а р а л а р жү р г і з і л е д і .

73. Көшелерде, аулаларда және басқа көпшілік пайдаланатын жерлерде
қоқыстарды, сауда лотоктарын, бос құтыларды, басқа да сауда жабдықтарын
т а с т а у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

74. Жағажай аумақтары мен демалыс аймақтары олардың жұмыс істеу
мерзімі аяқталған соң жиналады: жағалауды, киім ауыстыратын орындарды,
дәретханаларды, жасыл аймақтарды тазалау, бос ыдыстарды жуу және
әжетханаларды дезинфекциялау жұмыстары жүргізіледі. Күндізгі уақытта
ағымдағы жинау өткізіледі. Жағажай аумағы, демалыс аймақтары құмның үстіңгі
қабатын апта сайын қопсыту жолымен жыл сайын құм салу арқылы жиналады.
Жағажайда, саябақтарда, демалыс аймақтарында сауда жасаған ұйымдар мен
жеке кәсіпкерлер жиналған қоқысты рұқсат етілген үйіндіге шығарып, үнемі
ж и н а п о т ы р а д ы .

75. Кәріз желілері жоқ рыноктарда сауда орындарынан 25 метрден кем емес
жерде сұйықтық өткізбейтін шұңқырлары бар қоғамдық әжетханалар
орнатылады. Сыпырылған шұңқырға, екіден үші аспайтын көлемде толтыру
бойынша уақытында тазаланады, дезинфекцияланады. Локальді тазарту
қондырғысы өндіруші техникалық құжаттарға сәйкес жабдықталады.

76. Іргелес жатқан алаңы бар рыноктардың аумақтары, кооперативтік
гараждар, шаруашылық қоралар, погребтер, саяжайлық қоғамдардың аумақтары
және көгалдандыру екпелері бар бекітілген аумақтар мен кірме жолдар
санитарлық жағдайда ұсталынады.

77. Теміржолдар, көпірлер, қиябеттер, үймелер, жол өтпелер, жол астындағы

өтулер, оқшаулану аймақтары шегіндегі аумақты, осы имараттарды пайдаланатын кірме жолдарының теміржол ұйымдары және иелері жинастырады.

78. Барлық бұзылатын немесе демонтаж жасалынатын құрылыстар мен имараттар қоршалады, құрылыс қоқыстарынан жиналады, ал учаске р е к у л ь т и в а ц и я ға ж а т а д ы .

79. Іргелес жатқан аумақтар шегінде, трамвай жолдарының, жол өтпелерінің санитарлық жағынан ұсталуын трамвай кәсіпорны жүзеге асырады.

11. Елді мекендердің қоныстану аумағындағы қоқыстарды жинастыру және шығару

80. Елді мекендердің аумақтарындағы тұрмыстық қалдықтарды жинау, сақтау және олардың аумақтарынан қалдықтарды жою жүйесін таңдау абаттандыру деңгейіне, үйдің қабаттылығына, құрылыстың салыну түріне байланысты болып келеді және қоқыс құбыры бар немесе қоқыс құбыры жоқ үйлерде қоқыстарды жинау болып бөлінеді. Қажеттілігіне қарай сұйық қалдықтарды жинау үшін қазылған шұңқыр орны болу қажет. Масаларды, тарақандар, тышқандарды жою үшін дезинфекция мен дератизация жасалуы қажет.

81. Тұрғын үйлерден, сауда және қоғамдық тамақтану, мәдениет кәсіпорындарынан, қоғамдық ұйымдар мен басқалардан қатты қалдықтар мамандандырылған кәсіпорындармен жасалған келісім шарт бойынша жоспарлы тұрақты негізде жиналады. Ірі габаритті қалдықтарды шығару өтінімдер б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

82. Тұрғын үй құрылыстарына арналған қоқыс жинау контейнерлері қатты жабындысы, міндетті қоршаулары және мамандырылған көлікке арналған кіребірес жолдарымен арнайы алаңдарда орнатылады. Қоқыс жинайтын алаң, ғимараттардан, балалар ойнайтын алаңдардан, демалыс және спортпен айналысатын орындардан арасы 25 метрден аспау керек, үш жақтан қоршалады. Қоршаудың биіктігі орнатылған контейнерден төмен болмауы қажет.

83. Қоқыс жинау контейнерлері мен аз қабатты құрылыстардың үй иелеріне арналған алаңдарды ұстауды меншік иелері және қоқыс шығару жөніндегі мамандырылған кәсіпорындар жүзеге асырады.

Қоқыс салу құбыры жоқ жалпы пайдаланымдағы жерлерде және тұрғын құрылыстағы ішкіаулалық аумақтарда қоқыс жинау контейнерлері мен алаңдарды ұстауды қоқыс шығаратын мамандандырылған кәсіпорындар жүзеге а с ы р а д ы .

Қоқыс салу құбыры бар тұрғын құрылыста қоқыс салу камераларын, қоқыс жинағыштарды және камерадан қалдықтарды шығару орындарына іргелес жатқан аумақтарды, сондай-ақ контейнерлерді орналастыруға арналған

алаңдарды ұстауды меншік иелері, кондоминум объектілерінің басқару органы
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Иелігінде ғимараттар, үй жайлар және аумақтар бар субъектілер үшін қатты
тұрмыстық қалдықтарды ұстауды және шығаруды қоқыс шығаратын
кәсіпорындар немесе өздері жүзеге асырады.

Тұрмыстық мақсаттағы ірі габаритті заттар мен құрылыс материалдары бар
контейнерлерді тиеуге рұқсат етілмейді, сұйық қалдықтарды төгуге,
контейнерлермен және қоқыс салғыш камераларда қоқысты өртеуге рұқсат
е т і л м е й д і .

84. Жалпы пайдаланымдағы орындарда мамандандырылған ұйымдар
жеткілікті мөлшерде қоқыс жәшіктерді орнатады. Қоқыс жәшіктерін тазалау
олардың шекті толтырылуы бойынша жүргізіледі.

85. Жануарларды өсірумен және ұстаумен айналысатын шаруашылық және
кәсіпорындар иелері жануарларды қорада бағу кезеңінде, оларды ұстайтын
аймақта көнді және басқа қалдықтарды кейіннен шығарумен санитарлық
қызметпен келісілген орындарға қаттап тастауды қамтамасыз етеді.

86. Қалдықтардың шығарылуына бақылау жүргізуді санитарлық қызмет және
уәкілетті орган жүзеге асырады. Шаруашылық субъектілері тексеру кезінде
мамандандырылған ұйымдармен келісім-шарт болмаған жағдайда
ұйымдастырылған қоқыс тастайтын жерге ҚТҚ шығаруды растайтын тиісті
қ ұ ж а т ы н ұ с ы н а д ы .

87. Санитарлық нормаларды сақтаумен және санитарлық-қорғау аймақтары
үшін талаптар арнайы бөлінген аумақтарда ұйымдастырылған қоқыс тастайтын
жерлерде жүзеге асырылады.

12. Елді мекендердегі көгалдандыру екпелерін қорғау

88. Көгалдандыру екпелерін бағып-күту, оларды уақытында зиянкестерден,
аурудан, арам шөптен қорғау жұмыстарын ұйымдастыруға мынадай іс-шаралар
ж а т а д ы :

1) қоқыстарды жинау, көгалдарды қию, шабу, тырнауышпен тазалау, құрғақ
жапырақтарды жинау, арамшөптерді шөптеу, бұталарды қию;

2) ағаштардың діңгек қуысын орнатумен қыртыстарды қопсыту;

3) көктемгі-күзгі кезеңдерде көгалдандыру екпелерін суару;

4) өсіп жатқан жасыл қорға қосымша ағаштар мен бұталарды қалпына
к е л т і р і п о т ы р ғ ы з у ;

5) ағаштардың крондарын кесу, құрғақ бұтақтарды, жас бұтақтарды, сынған
б ұ т а қ т а р д ы к е с у ;

6) ескі ағаштарды жасарту;

7) ауру және қурап қалған ағаштарды жою;
8) көктемгі кезеңде шұңқырларды түзету, ашық жерлеріне топырақ себу, күзгі-қысқы кезеңде отырғызылған ағаштарды суару.

89. Көгалдандыру екпелері отырғызылған жалпы пайдаланымдағы және инженерлік коммуникациялар орналастырылған жерлерде:

- 1) санитарлық, өртке қарсы және басқа нормалардың бұзылуына;
- 2) газондардың үстінен жүруге, ағаштарға механикалық зақым келтіруге;
- 3) бау-бақша құралдары мен жабдықтарды бүлдіруге;
- 4) мал бағуға, топырақ пен құмды қазуға және шығаруға;
- 5) ағаштар мен бұталы өсімдіктерді рұқсатсыз шабуға;

б) көгалдандыру екпелеріне зиянды әсер келтіретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта құрылған кәсіпорындарды, агрегаттарды және өзге объектілерді іске қосуға;

7) өз еркімен қоршауларды орнатуға тыйым салынады.

90. Көгалдандыру екпелерін сақтауға мүмкіндік болмаған жағдайда, Қағидаға сәйкес әрекет ететін жасыл қор жөніндегі комиссияның алқалық шешімі негізінде уәкілетті органның рұқсатын алу қажет. Комиссия құрамына экология, қала құрылысы, қоршаған ортаны қорғау, орман шаруашылығы және табиғи ресурстар саласындағы мамандар кіреді. Комиссия көгалдандыру екпелерін ш ы ғ а р у к е з і н д е :

1) жасыл қор объектілерінің шаң жібермейтін, желден қорғайтын, газға тұрақтылығы мен фитоцидті сапасын;

2) негізгі биометрикалық көрсеткіштерін: жасын, өсімдіктің биіктігін, діңгегінің диаметрін, ұшар басының ені мен тығыздылығын;

3) қалалық объектілердің декоративтік және эстетикалық рәсімделу әсерін;

4) олардың сауықтыру әсерін ескереді.

91. Инженерлік коммуникациялардың қорғауындағы аймақтардың шекараларындағы, мемлекеттік бағдарламалар бойынша объектілерді салуға ұсынылған жер телімдеріндегі көшеттерді және мемлекеттік мекемелер аумағында өсетін көгалдандыру екпелерін ескермегенде, көгалдандыру екпелерін құлатуға рұқсат алынған жағдайда тапсырыс беруші (өтініш беруші) жұмыстарды жасау кезінде тиісті бюджетке мыналардың құнын өтейді:

1) тапсырыс берушінің өтініші бойынша, тиісті лицензиясы бар, тәуелсіз бағалаушы анықтайтын құлатылған көгалдандыру екпелерін бағалау құнын;

2) осы қызметті жүзеге асыратын ұйым анықтайтын жаңа ағаштарды отырғызу және бір жыл бойы оларды күту құны.

Елді мекеннің аумағында адамдар көп жиналатын іс-шараларды өткізу кезінде ұйымдастырушы көгалдандыру объектілерінің, сондай-ақ гүлзарлар мен газондардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты тұлғаны анықтайды, бұл

туралы уәкілетті органға хабарлайды.

92. Жер учаскесін сату-сатып алу келісім шартын жасау немесе жерді жалға беру кезінде учаскеде көгалдандыру екпелері болса, онда шартта немесе оның қосымшасында сатып алынатын (жалға берілетін) учаскедегі көгалдандыру екпелерінің болуы, олардың түрі, жасы, учаскелерде өскен ағаштардың және бұталар мен көгалдарда орналасқан алаңдардың саны көрсетілуі тиіс.

93. Шартта сатып алушының (жалға алушының) көшеттерді сақтау жауапкершілігі ескеріледі. Шабу қажет болған жағдайда сатып алушы (арендатор) тәуелсіз нарықшының бағалау сәтінде оның түріне және нақты жағдайына тәуелділігінде шабылған ағаш құнын бюджетке толық қалпына келтіруді компенсациялайды.

94. Жұмыстарды жүргізу барысында:

- көгалдандыру екпелерінің зақымдануынан қоршау;
- жолдарға, тротуарларға, өткелдерге, алаңдарға, шұңқырларға асфальт төсеген кезде газон шөбін жұлу немесе темір торлар орнатудан кейін қажетіне қарай жер қалдыру;

- жолдарды, тротуарларды салу және қайта жаңарту кезінде көгалдандыру екпелері орналасқан аймақтарда тік белгілерді өзгертуге болмайды, олардың жоғарғы бетін көтеру немесе төмендету жұмыстары жүргізілсе, онда жобаларда көгалдандыру екпелерінің дұрыс өсу жағдайын сақтау үшін құрылғы орнатуды ескеру қажет;

- салынып жатқан объектілерге кірме жолдарын салу кезінде көшеттердің орындарын ескеру қажет және көгалдандыру екпелері қоршауларының бұзылуына жол бермеу керек.

95. Жасыл қордың сақталуына және көгалдандыру екпелерінің күтіп ұсталуына бақылау жүргізу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның жоспарлы (көктем мен күзде) және кезектен тыс тексерулерін (қатты қар, жауын жауғанда, жел қаққанда) өткізу жолымен жүзеге асырылады.

13. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілік

96. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде көзделген жазалау шаралары қолданылады.